

Лондонда 1990 жылғы 27-29 маусымда жасалған Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Түзетуге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 7 мамыр N 191-II

Қазақстан Республикасы Лондонда 1990 жылғы 27-29 маусымда жасалған Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына Түзетуге қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Лондон, 1990 жылғы 27-29 маусым
Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі
Монреаль хаттамасына түзету**

(2001 жылғы 24 қазанда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

1 - б а п : Т ү з е т у л е р

А . К і р і с п е н і ң т а р м а қ т а р ы

1. Хаттама кіріспесінің 6-тармағы мынадай мәтінмен ауыстырылады:
"озон қабатын бүлдіретін бүкіл ғаламдық тастандыларды тиісінше реттеу жөніндегі алдын алу шараларын қабылдау арқылы озон қабатын қорғауды қамтамасыз етуге шешімділік танытып, түпкі нәтижесінде ғылыми білім негізінде оларды жоюға қол жеткізу мақсатында және техникалық және экономикалық сипаттағы пайымдауларды ескере отырып, сондай-ақ дамушы елдердің дамуына байланысты қажеттіліктерін е с к е р е о т ы р ы п " .

2. Хаттама кіріспесінің 7-тармағы мынадай мәтінмен ауыстырылады:
"дамушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ерекше жағдай көздеу, осыған қоса қосымша қаржы ресурстарын беру және тиісті технологияларға қол жеткізу қажеттігін мойындай отырып, көлемін алдын ала айтуға болатынын және осы қаражаттар мен заттар әлемдік қауымдастықтың озон қабатының бүлінуінің және осындай бүлінудің зияндары салдарының ғылыми анықталған проблемасын шешу мүмкіндігіне елеулі өзгерістер енгізетінін күте отырып".

3. Хаттама кіріспесінің 9-тармағы мынадай мәтінмен ауыстырылады:
"озон қабатын бүлдіретін заттар тастандыларын реттеу және азайтуға қатысты балама технологияларды зерттеу, әзірлеу және берудегі халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесудің маңыздылығын ескере отырып, атап айтқанда, дамушы елдердің қажеттіліктеріне назар аударар отырып".

В . 1 - б а п : А й қ ы н д а м а л а р

1. Хаттаманың 1-бабының 4-тармағы мынадай тармақпен ауыстырылады:

"4. "Реттелмеген зат" осы Хаттамаға А қосымшада немесе В қосымшада көрсетілген, дербес түрде немесе қоспа ішінде болатын кез келген затты білдіреді. Бұл ұғым тиісті қосымшада көрсетілген заттарды қоспағанда, осындай заттардың изомерлерін қамтиды, бірақ ол аталған затты тасымалдау немесе сақтау үшін пайдаланылатын ыдысқа қарағанда, өзге нысандағы дайын өнімнің құрамдас бөлігі болып табылатын кез келген осындай заттарға немесе қоспаларға қатысты емес."

2. Хаттаманың 1-бабының 5-тармағы мынадай тармақпен ауыстырылады:

"Өндіріс" Тараптардың бекітуіне жататын технологияларды қолдана отырып жойылатын заттар мөлшерін, сондай-ақ тек химиялық заттарды өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылатын заттар мөлшерін шегеріп тастағаннан кейінгі өндірілген реттелетін заттар мөлшерін білдіреді. Айналымға қайта түсірудің және есепке алынған заттар мөлшері "өндіріс" ретінде қаралмайды.

3. Хаттаманың 1-тармағына мынадай тармақ енгізіледі:

"9. "Өтпелі зат" осы Хаттаманың С қосымшасында көрсетілген, дербес түрде немесе қоспа ішінде болатын затты білдіреді. Бұл С қосымшасында аталған заттарды қоспағанда, осындай заттардың изомерлеріне қатысты, бірақ ол аталған заттарды тасымалдау немесе сақтау үшін пайдаланылатын ыдысқа қарағанда өзге нысандағы дайын өнімнің құрамдас бөлігі болып табылатын кез келген осындай заттарға немесе қоспаларға қатысты емес".

С. 2 - баптың 5 - тармағында

Хаттаманың 2-бабының 5-тармағы мынадай тармақпен ауыстырылады:

"5. Осы Тарап үшін реттелетін заттардың кез келген тобы бойынша өндірістің жиынтық есептік деңгейі заттардың осы тобы үшін осы баптарда белгіленген өндірісті шектеу шегінен шықпайтын жағдайда, кез келген Тарап реттеудің кез келген бірлі-жарым немесе бірнеше кезеңі шеңберінде кез келген басқа Тарапқа 2А және 2Е-баптарда көрсетілген өндірістегі өзінің есептік деңгейі үлесінің кез келген бөлігін бере алады. Осы процеске қатысушы әрбір Тарап мұндай берудің қолданылу шарттары мен кезеңі туралы баяндай отырып, хатшылыққа мұндай беру туралы хабарлайды.

Д. 2 - баптың 6 - тармағында

2-баптың 6-тармағында "реттелетін заттар" деген сөздер бірінші рет айтылған кезде бұл сөздердің алдында:

"А қосымшасында немесе В қосымшасында атап өтілген" деген сөздерді енгізу қажет.

Е. 2 - баптың 8 а) тармағында

Хаттаманың 2-бабының 8 а) тармағында "осы баптың" деген сөздерден кейін:

"және 2А-2Е-баптардың" деген сөздерді енгізу қажет.

Ғ. 2 - баптың 9 а) і) тармағында

Хаттаманың 2-бабының 9 а) і) тармағында "А қосымшасы" деген сөздерден кейін:

"және/немесе В қосымшасы" деген сөздерді енгізу қажет.

Г. 2-баптың 9 а) ii) тармағында
Хаттаманың 2-бабының 9 а) ii) тармағынан:
"1986 жылдың деңгейлерімен салыстырғанда" деген сөздер алынып тасталсын.

Н. 2-баптың 9 с) тармағында
Хаттаманың 2-бабының 9 с) тармағында:

"Тараптардың реттелетін заттарды жалпы тұтынуының кемінде елу пайызын көрсететін" деген сөздер "5-баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын, дауыс беруге келіп, қатысатын Тараптардың көпшілігін және дауыс беруге келіп, қатысатын, осы тармақтың шеңберінде жұмыс істемейтін Тараптардың көпшілігін білдіретін" деген сөздермен ауыстырылады.

І. 2-баптың 10 б) тармағында
Хаттаманың 2-бабының 10 б) тармағы алынып тасталсын.
2-баптың 10 а) тармағы 2-баптың 10-тармағына айналады.

Ж. 2-баптың 11-тармағында

"осы бап" деген сөздерден кейін Хаттаманың 2-бабының 11-тармағының бүкіл мәтіні бойынша:

"және 2А-2Е-баптары" деген сөздерді енгізу қажет.

К. 2 С-бап: Басқа да толық галлоидтендірілген ХФУ
Мынадай тармақтар Хаттамаға 2 С-бап ретінде енгізіледі:

"2 С-бап: Басқа да толық галлоидтендірілген ХФУ

1. Әрбір Тарап 1993 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада 1 топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған есепті деңгейінің сексен пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінің сексен пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды.

2. Әрбір Тарап 1997 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада 1 топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған есепті деңгейінің он бес пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінің он бес пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті

деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды.

3. Әрбір Тарап 2000 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада I топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезең ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он бес пайыздан артық асырылмайды."

L. 2 D-бап: Тетрахлорметан

Мынадай тармақтар Хаттамаға 2 D-бап ретінде енгізіледі:

"2 D-бап: Тетрахлорметан

1. Әрбір Тарап 1995 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада II топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған есепті деңгейінің он бес пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінің он бес пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, S-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды.

2. Әрбір Тарап 2000 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада II топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезең ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды."

M. 2 E-бап: 1,1,1-трихлорэтан (метилхлороформ)

Мынадай тармақтар Хаттамаға 2 E-бап ретінде енгізіледі:

"2 E-бап: 1,1,1-трихлорэтан (метилхлороформ)

1. Әрбір Тарап 1993 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада III топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған

есепті деңгейінен асыруын қамтамасыз етеді. Осы затты өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды.

2. Әрбір Тарап 1995 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада III топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған есепті деңгейінің жетпіс пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Осы заттардың біреуін немесе бірнешеуін өндіретін әрбір Тарап осы кезең ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінің жетпіс пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан артық асырылмайды.

3. Әрбір Тарап 2000 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада III топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі оны 1989 жылы тұтынған есепті деңгейінің отыз пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Осы затты өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінің отыз пайызынан аспауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та ол 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он пайыздан а р т ы қ а с ы р ы л м а й д ы .

4. Әрбір Тарап 2005 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі ай кезең ішінде және әрбір кейінгі он екі ай кезең ішінде өзі реттеп отыратын, В қосымшада III топқа енгізілген заттарды тұтынудың жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Осы затты өндіретін әрбір Тарап осы кезеңдер ішінде оны өндірудің жыл сайынғы есепті деңгейі нольдік деңгейден артпауын қамтамасыз етеді. Алайда, 5-баптың 1-тармағының шеңберінде жұмыс істейтін Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды өндірудің есепті деңгейін осы шектен асыра алады, бірақ та 1989 жылы оның өндірілген есепті деңгейінен он бес пайыздан а р т ы қ а с ы р ы л м а й д ы .

5. Осы бапта көзделгенімен салыстыра отырып, Тараптар қысқарту кестесін жеделдетіп орындау мүмкіндігін 1992 жылы қарайды".

М. 3-бап: Реттелмелі деңгейлерді есептеу
1. Хаттаманың 3-бабында "2-баптың" деген сөздерден кейін:

", 2А-2Е-баптардың" деген сөздер енгізілсін.

2. Хаттаманың 3-бабында "А қосымшасы" деген сөздер кездескен сайын олардың ж а н ы н а :

"немесе В қосымшасы" деген сөздер қосып жазылсын.

О. 4-бап. Тараптар болып табылмайтын мемлекеттермен сауданы реттеу

1. Хаттаманың 4-бабының 1-5-тармақтары мынадай тармақтармен ауыстырылсын.

"1. 1990 жылғы 1 қаңтардан бастап әрбір Тарап осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен А қосымшада санамаланған реттелетін заттарды импорттауға тыйым салады.

1-бис. Осы тармақ күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде әрбір Тарап осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен В қосымшада атап көрсетілген реттелетін заттарды импорттауға тыйым салады.

2. Әрбір Тарап осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен А қосымшада санамаланған реттелетін заттарды экспорттауға 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап тыйым салады.

2-бис. Осы тармақ күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң әрбір Тарап осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен В қосымшада санамаланған кез-келген реттелетін заттарды экспорттауға тыйым салады.

3. Конвенцияның 10-бабында көзделген ережелерге сәйкес 1992 жылдың 1 қаңтарына қарай Тараптар А санамаланған құрамында реттелетін заттар бар өнімдер тізімін қосымша түрінде әзірлейді. Осы қосымшаға қарсылық білдірмеген Тараптар осы қосымша күшіне енгеннен кейін бір жыл шегінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен осындай өнімдерді импорттауға тыйым салады.

3-бис. Осы тармақ күшіне енген күннен бастап үш жыл шегінде Тараптар Конвенцияның 10-бабында белгіленген рәсімдерге сәйкес В қосымшаға енгізілген құрамында реттелетін заттар бар өнімдер тізбесін қосымша ретінде жасайды. Осы қосымшаға қарсылық білдірмеген Тараптар осы қосымша күшіне енген сәттен бастап бір жыл шегінде осы рәсімдерге сәйкес осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен осындай өнімдерді импорттауға тыйым салады.

4. 1994 жылдың 1 қаңтарына қарай Тараптар А қосымшасында көрсетілген реттелетін заттар негізінде өндірілетін, бірақ өздерінің құрамына аталған заттар қосылмаған өнімдерді осы хаттаманың тараптарының бірі болып табылмайтын мемлекеттерден импорттауға тыйым салу немесе оны шектеудің іс жүзіндегі мүмкіндігін анықтап алады. Егер Тараптар мұндай мүмкіндік бар деп ұйғарса, Конвенцияның 10-бабында көзделген рәсімдерге сәйкес мұндай заттар тізімдерін қосымша түрінде әзірлейді. Оған қарсылық білдірмеген Тараптар осы қосымша күшіне енгеннен кейін бір жыл шегінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен осындай өнімдерді

4-бис. Осы тармақ күшіне енген күннен бастап бес жыл шегінде Тараптар В қосымшасында атап көрсетілген реттелетін заттар негізінде өндірілетін, бірақ өздерінің құрамына аталған заттар қосылмаған өнімдерді осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттерден импорттауға тыйым салу немесе оны шектеудің іс жүзіндегі мүмкіндігін анықтайды. Егер Тараптар мұндай мүмкіндік бар деп ұйғарса, Конвенцияның 10-бабында көзделген рәсімдерге сәйкес мұндай заттар тізімдерін қосымша түрінде әзірлейді. Оған қарсылық білдірмеген Тараптар осы қосымша күшіне енгеннен кейін бір жыл шегінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен осындай өнімдерді импорттауға тыйым салады немесе оны шектейді.

5. Әрбір Тарап осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекетке реттелетін заттарды өндіруге немесе пайдалануға арналған технологияларды экспорттауды мүмкіндігінше ынталандырмауға міндеттенеді.

2. Хаттаманың 4-бабының 8-тармағы мынадай тармақпен ауыстырылады:

"8. Егер Тараптар Кеңесі осы мемлекет 2-баптың, 2А-2Е-баптардың және осы баптың ережелерін толық орындады деп айқындаса және егер осы мемлекет бұл туралы мәліметтерді 7-бапта белгіленгендей етіп ұсынса, осы баптың ережелеріне қарамастан, 1, 1-бис, 3, 3-бис, 4, 4-бис тармақтарда айтылған импортқа және 2 және 2-бис тармақтарда айтылған экспортқа осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын кез келген мемлекеттен рұқсат етілуі мүмкін.

3. Хаттаманың 4-бабына 9-тармақ ретінде мынадай жаңа тармақ енгізіледі:

"9. Осы баптың мақсаттары үшін "осы Хаттаманың Тараптарының бірі болып табылмайтын мемлекет" деген термин осы затқа қатысты қолданылған шараларымен байланысты болуға келіспеген экономикалық ықпалдастық жөніндегі мемлекетті немесе діни ұйымды кез келген нақты реттелмелі заттарға қатысты меңзейді."

Р. 5-бап: Дамушы елдердің ерекше жағдайы
Хаттаманың 5-бабы мынадай мәтінмен ауыстырылады:

"1. Хаттама оның өзіне тікелей қатысты күшіне енген күні немесе 1999 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кез келген кезекті кезеңде А қосымшасында көрсетілген аталған реттелмелі заттарды жыл сайынғы есепті тұтыну деңгейі 0,3 килограмнан төмен көрсеткішті дамушы ел болып табылатын кез келген Тарап өзінің негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында 2А-2Е-баптарда көзделген реттеу шараларының сақталуын он жыл мерзімге кейінге қалдыруға құқылы.

2. Алайда, осы баптың 1-тармағының шеңберінде іс-қимыл жасайтын кез келген Тарап А қосымшасында көрсетілген реттелетін заттарды жыл сайынғы есепті тұтыну деңгейін халқының жан басына шаққанда 0,3 килограмнан және В қосымшасында көзделген реттелетін заттарды жыл сайынғы есепті тұтыну деңгейін халқының жан басына шаққанда 0,2 килограмнан асырмауға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының шеңберінде іс-қимыл жасайтын кез келген Тарап 2А-2Е-баптарға сәйкес реттеу шараларын қолданған жағдайда:

а) А қосымшасында көрсетілген аталған реттелетін заттар үшін не 1995-1997 жылдар кезеңі ішінде қоса алғанда, өз тұтынуының орташа жылдық деңгейін, не халқының жан басына шаққанда 0,3 килограмм көлемде тұтынудың есепті деңгейін, бұл деңгейлердің төмен болуына қарай реттеу шараларын өзінің сақтау өлшемін айқындау үшін негіз ретінде;

б) В қосымшасында көрсетілген реттелетін заттар үшін не 1998-2000 жылдар кезеңі ішінде қоса алғанда, өз тұтынуының орташа жылдық деңгейін, не халқының жан басына шаққанда 0,2 килограмм көлемде тұтынудың есепті деңгейін, ал бұл деңгейлердің қайсысы төмен болуына қарай реттеу шараларын өзінің сақтау өлшемін айқындау үшін негіз ретінде пайдалануға құқылы.

4. Егер осы баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын кез келген Тарап 2А-2Е-баптарда көзделген реттеу шаралары жөніндегі міндеттемелер өзіне оның күші қолданылғанға дейін кез келген сәтте реттелетін заттардың жеткілікті мөлшерін алу мүмкін емес екенін анықтаса, ол бұл туралы хатшылықты хабарландырады. Хатшылық мұндай хабарламаның данасын дереу Тараптарға жібереді, олар бұл мәселені кезекті Кеңесте қарайды және тиісті шаралар жөнінде шешім қабылдайды.

5. 2А-2Е-баптарда көзделген реттеу шараларын сақтау жөніндегі міндеттемелерді осы баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптардың орындау қабілеттілігін қамтамасыз ету және осы Тараптардың оларды жүзеге асыруы 10-бапта көзделген қаржы ынтымақтастығын тиімді жүзеге асыруға және 10А-бапта көзделген технологияларды беруге байланысты.

6. Осы баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын кез келген Тарап іс жүзінде ықтимал барлық амалдарды қолданғанына қарамастан, 10 және 10А-баптарды жеткілікті түрде қатаң орындамау себепті 2А-2Е-баптарда көзделген реттеу шаралары жөніндегі міндеттемелердің кез келгенін немесе барлығын өзі орындауға өзінің шамасы жетпейді деп есептейтін жөнінде кез келген сәтте хатшылықты жазбаша нысанда хабарландыра алады хатшылық осы хабарламаның данасын дереу тараптарға жібереді, олар бұл мәселені кезекті Кеңесте осы баптың 5-тармағын тиісінше ескеріп қарайды және қажетті шаралар туралы шешім қабылдайды.

7. Жоғарыдағы 6-тармақта аталған қажетті шаралар туралы шешім қабылдануға тиіс хабарлама алынған және Тараптар Кеңесін өткізу арасында кезеңде немесе кез келген кейінгі кезеңде Тараптар Кеңесінің шешімі бойынша 8-бапта айтылған сақтамауға байланысты рәсімдер хабарландырушы Тарапқа қолданылмайды.

8. Тараптар Кеңесі осы баптың 1-тармағының шеңберінде іс-қимыл, соның ішінде қаржы ынтымақтастығын тиімді жүзеге асыратын және оларға технологияларды беруді жасайтын Тараптардың жағдайына 1995 жылдан кешіктірмей шолу жасайды және осы Тараптарға қолданылатын реттеу шараларының кестесіне қатысты қажет деп

ұйғарылуы мүмкін кез келген қайта қарауды жүргізеді.

9. Осы баптың 4, 6 және 7-баптарында айтылған Тараптар шешімдері 10-баптың шеңберінде шешімдер қабылдауға қолданылатын рәсімге сәйкес қабылданады.

Q 6-бап: Реттеу шараларын бағалау және шолу
Хаттаманың 6-бабында "2-бапта" деген сөздерден кейін:

"2А-2Е-баптарда, сондай-ақ С қосымшасындағы I топтың өтпелі заттарын өндіру, импорттау және экспорттау ережелері," деген сөз тіркесі қосып жазылсын.

R 7 - б а п . М ә л і м е т т е р б е р у
Хаттаманың 7-бабы мәтіннен ауыстырылады:

"1. Тарапқа айналғаннан кейін үш ай ішінде әрбір Тарап А қосымшасындағы реттелетін заттардың әрқайсысын өзінің өндіруі, импорттауы және экспорттауы жөнінде 1986 жылға арналған статистикалық мәліметтерді, ал егер нақты деректері болмаса, онда осындай сипаттағы ең сенімді деген бағалау деректерін хатшылыққа ұсынады .

2. Егер нақты деректер жоқ болса, В қосымшасындағы заттарға қатысты Хаттаманың ережелері осы Тарап үшін күшіне енген күннен кейін үш айдан кешіктірмей, әрбір тарап хатшылыққа өздерінің өндірісі, В қосымшадағы реттелетін әрбір заттың импорты мен экспорты туралы статистикалық деректерді, сондай-ақ 1989 жылғы С қосымшасының 1 тобындағы өтпелі заттар немесе осындай сипаттағы неғұрлым сенімді бағалау деректерін ұсынады.

3. Әрбір Тарап хатшылыққа өздерінің жыл сайынғы өндірісі туралы (1-баптың 5-тармағында белгіленгендей) және:

- өнеркәсіп шикізатын өндіру үшін пайдаланылатын заттардың мөлшері туралы,
- Тараптар бекіткен технологияларды қолданып жойылған заттардың мөлшері туралы ,

- Тараптардың және тиісінше бір жыл ішінде С қосымшасының 1 тобындағы әрбір реттелетін заттың осы заттарға қатысты ережелерінде осы тарап үшін және әрбір келесі жыл үшін күшіне енетін тарап еместердің импорты мен экспорты туралы статистикалық деректерді ұсынады. Деректер осы деректерге қатысты жыл аяқталғаннан кейін тоғыз айдан кешіктірмей жіберіледі.

4. 2-баптың 8 а)-тармағының ережелері шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптарға қатысты, осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында қамтылған импорт және экспорт туралы статистикалық деректерді ұсынуға қатысты талаптар экономикалық интеграция жөніндегі тиісті аймақтық ұйым осы ұйымның мүшелері болып табылмайтын ұйымдар мен мемлекеттердің арасындағы импорт және экспорт туралы деректерді ұсынған жағдайда ғана орындалады " .

S. 9-бап: Зерделеу, әзірлеу, жұртшылықты хабардар ету және ақпарат алмасу

Хаттаманың 9-бабының 1 а)-тармағы мынадай мәтінмен ауыстырылады:

"а) реттелетін немесе өтпелі заттарды сақтаудың, кәдеге жаратудың, айналымға

қайта түсірудің немесе жоюдың қауіпсіздігін сақтау немесе олардың тасталуын өзгеше түрде азайту үшін неғұрлым жетілдірілген технология;".

Т. 10-бап. Қаржыландыру тетігі
Хаттаманың 10-бабы мынадай тармақтармен ауыстырылады:

" 10-бап: Қаржыландыру тетігі

1. Хаттаманың 2А-2Е-баптарында көзделген өздерінің реттеу шараларын сақтауына жәрдемдесу мақсатында осы Хаттаманың 5-бабының 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптарға технологияларды беруді қоса алғанда, қаржылық және техникалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Монреаль хаттамасының Тараптары осы тетікті құрды. Осы тармақтың шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптарға жіберілетін қаржылық қаражатқа қосымша енгізілетін тетік, жарналар осы Тараптардың хаттамада көзделген реттеу шараларын орындауға мүмкіндік жасайтын барлық келісілген қосымша шығыстарын жабады. Қосымша шығыстардың үлгі тізбесін Т а р а п т а р К е ң е с і а й қ ы н д а й д ы .

2. 1-тармаққа сәйкес құрылған тетік Көпжақты қорды қамтиды. Ол, сондай-ақ көп жақты, аймақтық және екіжақты ынтымақтастықтың басқа нысандарын да қамти алады

3. К ө п ж а қ т ы қ о р :

а) тиісті субсидиялар немесе жеңілдіктер беру негізінде және Тараптар белгілеген өлшемдерге сәйкес келісілген қосымша шығыстарды жабады;

б) мынадай мақсаттардағы :

i) елдер бойынша зерттеулер жүргізу және басқа техникалық ынтымақтастық есебінен ынтымақтастық саласындағы олардың қажеттіліктерін анықтау үшін 5-баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптарға көмек көрсету;

ii) осы анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу ;

iii) дамушы елдер болып табылатын Тараптарға көмек көрсету үшін 9-бапта көзделгеніндей ақпараттар мен тиісті материалдар тарату және семинарлар, дайындық сабақтарын жүргізу, сондай-ақ басқа да тиісті іс-шаралар жүргізу; және

iv) осындай Тараптармен басқа да көпжақты, аймақтық және екіжақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу және оны бақылау делдалдығы тетігінің қызметін қ а р ж ы л а н д ы р а д ы ;

с) Көпжақты қорға хатшылық қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды және сонымен байланысты қосымша шығыстарды қаржыландыруды жүзеге асырады.

4. Көпжақты қор Тараптардың басшылығымен жұмыс істейді, ол қор саясатының жалпы бағыттарын а й қ ы н д а й д ы .

5. Тараптар Көпжақты қордың мақсаттарына қол жеткізу үшін қаражатқа иелік етуді қоса алғанда, нақты жедел саясатты басшылыққа алатын қағидаттар мен әкімшілік шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру үшін Атқару комитетін құрады. Атқару

комитеті өзінің міндеттері мен функцияларын Тараптар мақұлдаған істі жүргізу шеңберіне сәйкес Халықаралық қайта құру және даму банкімен (Дүниежүзілік банк), Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен немесе олардың құзыретіндегі салаларға қарай басқа да тиісті мекемелермен ынтымақтастықта және соның жәрдемдесуімен орындайды. 5-баптың 1-тармағының шеңберінде іс-қимыл жасайтын және іс-қимыл жасамайтын Тараптардың теңдестірілген өкілдіктері негізінде сайланатын Атқару комитетінің мүшелерін Тараптар мақұлдайды.

6. Көпжақты қор 5-баптың 1-тармағының шеңберінде іс-қимыл жасамайтын Тараптар жарнамаларының есебінен өтімді валютамен немесе белгілі бір жағдайларда, қызмет көрсетулермен және/немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы жарнамаларының мөлшері негізінде ұлттық валютамен қаржыландырылады. Басқа Тараптардың жарнамалары ынталандырылады. Екіжақты және Тараптардың шешімі негізінде келісілген ерекше жағдайларда, аймақтық ынтымақтастық, белгілі бір пайыздық үлеске дейін және Тараптар белгілеген кез келген өлшемдерге сәйкес мұндай ынтымақтастық кемінде:

- a) осы Хаттаманың сақталуына қатаң байланысты болған;
- b) қосымша ресурстардың түсуін қамтамасыз еткен; және
- c) келісілген қосымша шығыстарды жапқан жағдайларда, Көпжақты қорға жарна р е т і н д е қ а р а л у ы м ү м к і н .

7. Тараптар Көпжақты қордың әрбір қаржылық кезеңге арналған бағдарламалық бюджетін бекітеді және жекелеген Тараптар жарнамаларының мөлшерін пайызбен б е л г і л е й д і .

8. Көпжақты қор шеңберіндегі қаражат бенефициар болып табылатын Тараппен к е л і с і м б о й ы н ш а б ө л і н е д і .

9. Осы бапқа байланысты Тараптардың шешімдері мүмкіндігіне қарай бәтумен қабылданады. Егер барлық күш-жігер жұмсалғанымен, уағдаластыққа қол жеткізілмесе , шешім Тараптар жағынан қатысып отырғандар мен дауысқа қатысушылардың үштен екі к ө п ш і л і к д а у с ы м е н қ а б ы л д а н а д ы .

10. Осы бапта белгіленген қаржыландыру тетікті басқа да табиғат қорғау проблемаларын шешу үшін әзірленуі мүмкін әлдебір өзге уағдаластықтарды к е м с і т п е й д і .

У. 10 А-бап: Технологияны беру
Хаттамаға 10 А-бап ретінде мынадай бап қосып жазылсын:
"10 А-бап: Технологияны беру
Ә р б і р Т а р а п :

a) экологиялық жағынан қауіпсіз, қолда бар ең жақсы алмастырғыштар және сонымен байланысты технологиялар 5-баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптарға дереу берілуін; және

b) a) тармақшасында аталған технологияны берудің әділ және неғұрлым қолайлы

жағдайда жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қаржы тетігімен қолдау көрсетілетін, бағдарламалармен үйлесетін барлық ықтимал шараларды қабылдайды".

V 11-бап: Тараптардың Кеңестері

Монреаль хаттамасы 11-бабының g) тармағы мынадай мәтінмен ауыстырылады:

"g) 6-бапқа сәйкес реттеу шараларын және өтпелі заттарға қатысты ережені қарайды

; "

W. 17-бап: Хаттамаға ол күшіне енгеннен кейін қосылған Тараптар 17-баптағы ", сондай-ақ бойынша" деген сөздерден кейін:

"2A-2E-баптарына және" деген сөздер қосып жазылсын.

X 19 - б а п : Ш ы ғ у

Хаттаманың 19-бабы мынадай тармақпен ауыстырылады:

"Кез келген Тарап Депозитарийге жазбаша хабарлай отырып 2A-баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттемелерді қабылдағаннан кейін төрт жыл өткен соң кез келген сәтте осы Хаттамадан шыға алады. Кез келген осындай шығу Депозитарий шығу туралы хабарды алған күннен кейін бір жыл өткен соң немесе шығу туралы хабарламада көрсетілуі мүмкін осындай келесі күні күшіне енеді".

Y . Қ о с ы м ш а

Хаттамаға мынадай қосымшалар қоса тіркеледі:

B. қосымша: Реттелетін заттар

Топ	Заттар	Озон қиратқыштық қабілеті	І	т	о	п
	CF ₃ Cl	(ХФУ - 13)			1,0	
	C ₂ FCl ₅	(ХФУ - 111)		1,0		
	C ₂ F ₂ Cl ₄	(ХФУ - 112)			1,0	
	C ₃ FCl ₇	(ХФУ - 211)			1,0	
	C ₃ F ₂ Cl ₆	(ХФУ - 212)		1,0		
	C ₃ F ₃ Cl ₅	(ХФУ - 214)		1,0		
	C ₃ F ₄ Cl ₄	(ХФУ - 214)			1,0	
	C ₃ F ₅ Cl ₃	(ХФУ - 215)		1,0		
	C ₃ F ₆ Cl ₂	(ХФУ - 216)		1,0		
	C ₃ F ₇ Cl	(ХФУ - 217)			1,0	
	CCl ₄		І І			т о п
	C ₂ H ₃ Cl ₃ *	1,1,1-				тетрахлорметан 1,1
						0,1
						тетрахлорэтан

(метилхлороформ)

*Осы формуланың 1,1,2-трихлорэтанға қатысы жоқ

C қосымша: Өтпелі заттар

Т о п	З а т т а р	Т о п	З а т т а р
І топ			
СНFC12	(ГХФУ-21)	С3HF5C13	(ГХФУ-225)
СНF2C1	(ГХФУ-22)	С3HF6C1	(ГХФУ-226)
СН2FC1	(ГХФУ-31)	С3Н2FC15	(ГХФУ-231)
С2HFС14	(ГХФУ-121)	С3Н2F2C14	(ГХФУ-232)
С2HF2C13	(ГХФУ-122)	С3Н2F3C13	(ГХФУ-233)
С2HF3C12	(ГХФУ-123)	С3HF3C12	(ГХФУ-234)
С2HF4C1	(ГХФУ-124)	С3Н2F4C12	(ГХФУ-235)
С2Н2FC13	(ГХФУ-131)	С3Н2F5C1	(ГХФУ-241)
С2Н2F3C12	(ГХФУ-132)	С3Н3FC14	(ГХФУ-242)
С2Н2F3C1	(ГХФУ-133)	С3Н3F2C13	(ГХФУ-243)
С2Н3FC12	(ГХФУ-141)	С3Н3F3C12	(ГХФУ-244)
С2Н3F2C1	(ГХФУ-142)	С3Н3F4C1	(ГХФУ-251)
С2Н4FC1	(ГХФУ-151)	С3Н4FC13	(ГХФУ-252)
С3HFС16	(ГХФУ-221)	С3Н4F3C1	(ГХФУ-253)
С3HF2C15	(ГХФУ-222)	С3Н5C12	(ГХФУ-261)
С3HF3C14	(ГХФУ-222)	С3Н5F2C1	(ГХФУ-262)
С3HF4C13	(ГХФУ-223)	С3Н6FC1	(ГХФУ-271)

2 - б а п : К ү ш і н е е н у

1. Осы түзету Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының Тараптары болып табылатын экономикалық интеграция жөніндегі мемлекеттердің немесе аймақтық ұйымдардың түзетулерін бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы кемінде жиырма құжатты сақтауға өткізу шарты мен 1992 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді. Егер осы күнге қарай көрсетілген шарт орындалмаса, түзетулер осы шартты орындалған сәттен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Экономикалық интеграция жөніндегі әлдебір аймақтық ұйым сақтауға берген кез келген мұндай құжат 1-тармақтың мақсаты үшін осындай ұйымға мүше мемлекеттер сақтауға өткізген құжаттарға қатысы бойынша қосымша болып саналмайды.

3. Осы түзету күшіне енгеннен кейін 1-тармақта көзделгеніндей бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өзінің құжатын сақтауға өткізген сәттен бастап тоқсаныншы күні ол хаттаманың кез келген басқа да тараптары үшін күшіне енеді.

М и н и с т р д і ñ м і н д е т і н

атқарушы